

Кітапхана – тәрбие көкжиегі



Келешек ұрпақ тәрбиесі қашанда қоғам назарында. Ең алдымен өскелең ұрпаққа тәрбие керек екенін ескерсек, біздің №6 кітапхана филиалының осы бағытта атқарып жатқан еңбектері орасан. Соның бір айғағы жақында кітапханамызда №3 орта мектептің бастауыш қазақ сыныптарымен бірге «Ертегі сыр шертеді» атты викториналық ойын- сауық кешін өткізді.

Ахмет Байтұрсынов атамыз:

Ертегі бізге баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге, оны қиялдауға, сөйлеуге үйретеді,, дегеніндей, кішкентай

оқырмандарымызбен кітапханашылар түрлі ертегі кейіпкерлерін сомдап, балалар қызығушылығын арттыра түсті.

Кеш барысында осы ертегі кейіпкерлері викториналық сұрақтар қойып, балалар өздері дайындап келген «Шалқан» ертегісінен көрініс қойды. Кешімізді Әйгерім Қалаубаеваның «Ертегілер» деп аталатын тамаша әнімен аяқтадық.

Д. ӨМІРБАЕВА,
№6 кітапхана филиалының
кітапханашысы